

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

5. "The Role of False Friends in Second Language Acquisition: A Cognitive Approach" by Urszula Paprocka-Piotrowska.
6. [file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/problema-mnimyh-druzey-perevodchika-v-mezhkulturnoy-kommunikatsii%20\(4\).pdf](file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/problema-mnimyh-druzey-perevodchika-v-mezhkulturnoy-kommunikatsii%20(4).pdf)
7. [file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/lozhnye-druzya-perevodchika-kak-istochnik-perevodcheskih-oshibok%20\(4\).pdf](file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/lozhnye-druzya-perevodchika-kak-istochnik-perevodcheskih-oshibok%20(4).pdf)
8. [file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/interference-in-teaching-foreign-language-and-ways-of-its-overcoming%20\(2\).pdf](file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/interference-in-teaching-foreign-language-and-ways-of-its-overcoming%20(2).pdf)
9. [file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/problema-mnimyh-druzey-perevodchika-v-mezhkulturnoy-kommunikatsii%20\(4\).pdf](file:///C:/Users/%D0%9F%D0%9A/Downloads/problema-mnimyh-druzey-perevodchika-v-mezhkulturnoy-kommunikatsii%20(4).pdf)

## 6.6 Актуальные проблемы переводоведения

ӘОЖ 17.07.61

### ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ (У.ТЕККЕРЕЙДІҢ «БАҚТАЛАСТЫҚ БАЗАРЫ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Азербаета Дарина Омаровна

[darina.azerbaeva@mail.ru](mailto:darina.azerbaeva@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты,

Қазақстан, Астана қаласы,

Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.д., профессор Сәтенова С.К.

Фразеологиялық бірліктер – тілдің лексикалық тұрғыдан бөлінбейтін бірлігі, мағыналық жағынан тұтас, образдылығымен, экспрессивтілігімен, стильдік және эмоционалды бояуымен ерекшеленетін, толық немесе жартылай қайта жасалған сөздердің тұрақты мағыналық байланысқан тіркесімі. Фразеологизмдер бағалаушы қызмет атқарады, яғни сөйлеушінің белгілі бір затқа немесе құбылысқа қатынасын білдіреді, сөйлеуге жандылық пен мәнерлілік береді және аудиторияға әсер етудің қуатты құралы болып табылады.

Фразеологиялық бірліктердің өзінің күрделі құрылымдануына байланысты тіларалық берілуде бірқатар қиындық туғызатындығы белгілі. Нүктені қоюды ұмытпаңыз.

Біріншіден, фразеологиялық бірліктердің құрамдас бөліктеріне айналып, еркін мағыналы сөздер семантикасын жоғалтып, жаңа мағынаға ие болады. Сол себепті фразеологиялық бірліктерді аудару барысында сөздіктен әрбір бірліктің баламасын табу жеткіліксіз.

Екіншіден, егер аудармашы түпнұсқа тілінің фразеологизмімен таныс болмаса, аударма мәтінде фразеологизмді тану қиынға соғуы мүмкін, себебі аударма сөзбе-сөз болып шығады. Бұл жайт өз кезегінде мағынаның бұрмалануына және аудиторияның ақпаратты дұрыс қабылдамауына әкеледі. Аударма тілінің фразеологиясынан хабары аз аудармашы сөзсіз қиындықтарға тап болады. Олар аударма тілінде түпнұсқа фразеологизмнің баламасын тауып, таңдауға байланысты болады.

Үшіншіден, кейде аударма тілінде баламалы фразеологиялық бірлік болса да, мәнмәтінге сәйкес келмейтіндіктен, аудармашының мағынаны жеткізуде басқа жолды іздестіруіне тура келеді. Сондықтан әртіпес тілдердің ұқсас тұстары әртүрлі бағалау коннотацияларына ие болуы мүмкін екені ескерілуі керек.

Демек фразеологиялық бірліктерді аударуда аудармашының міндеті оның мағынасын дұрыс жеткізу ғана емес, эмоционалды-экспрессивтік сипатын, бағалау коннотациясын, функционалды-стилистикалық ерекшеліктерін көрсету болып табылады. Сондай-ақ фразеологиялық бірліктерді аударудағы қиындықтардың себебі оның ұлттық код ретіндегі

ерекшелігіне байланысты. Тағы бір ескерілетін өзекті мәселе – түпнұсқа және аударма тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің сыртқы ұқсастығы жақын болғанымен, олардың семантикалық жағынан әртүрлі дефиницалық сипатты танытуы мүмкін. Бұл жайт жалған ассоциация мен қате аудармаларға әкеп соғады .

Зерттеу мақаламыздың мақсаты – көркем мәтін тіліндегі фразеологиялық бірліктердің тілдік-стистикалық ерекшеліктерін сипаттай отырып, олардың тіларалық берілу жолдарын қарастыру.

Зерттеудің дереккөзі ретінде ағылшын жазушысы У.Теккерейдің «Бақталастық базары» романы алынды , түпнұсқасын қазақ тіліне аударған Байұзақ ұлы Қожақбекұлы Албани (2007 ж.) және орыс тіліне аударған Михаил Алексеевич Дьяконов( 1975ж.)

Фразеологиялық бірліктерді аударудың басты мәселелері А.В. Кунин, Я.И.Рецкер, С.Флорин сынды ғалымдардың еңбектерінде талқыланады

Я.И.Рецкердің пікірінше, фразеологизмдер әр тілдің сөздік құрамының ауқымды, бейнелі және астарлы тіркестер бөлігін құрайды. Кез келген ұлттық тілдің, соның ішінде қазақ және ағылшын тілдері фразеологизмдерінің негізгі бөлігі әртүрлі көркем стильмен сәйкес келеді және айқын эмоционалды-экспрессивті бояуға ие.

«Тіпті стилистикалық бейтарап фразеологиялық бірліктердің өзі ұлттық ерекшелігімен ерекшеленеді және мәнмәтінде экспрессивті мәнге ие бола алады».

Әртүрлі тілдердің фразеологизмдерін зерттеушілер фразеологиялық бірліктердің сөйлеу әрекеті барысында әртүрлі өзгерістерге жиі ұшырайтынын атап өтеді. Бұл түрлендірулер қашан да мақсатты болып табылады және белгілі бір коммуникативтік-стилистикалық мүддеге сәйкес жүзеге асырылады.

А.В. Кунин фразеологиялық эквиваленттердің (аударма тіліндегі фразеологиялық бірліктер) мынадай жіктемесін ұсынады:

1.Толық фразеологиялық эквивалент. 2. Жартылай фразеологиялық эквивалент. 3. Аналогтық. 4. Калька. 5. Сипаттама. 6.Аралас. 7. Лексикалық аударма.

Өз тарапымыздан Куниннің фразеологиялық жіктемесіне байланысты шартты түрде келесі жіктемесін ұсындық:

*1.Толық фразеологиялық эквивалент.*

Бұл ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктермен мағынасы, лексикалық құрамы, бейнелілігі, стилистикалық бағыты және грамматикалық құрылымы жағынан сәйкес келетін баламалар.

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Қазақ тіліндегі аударма
For she could not <b>only sing like a lark</b> , or a Mrs. Billington, and dance like Hillisberg or Parisot; and embroider beautifully; and spell as well as a Dixonary itself; but she had such a kindly, smiling, tender, gentle, generous heart of her own, as won the love of everybody who came near her...	Эмилия не <b>только пела, словно жаворонок</b> или какая-нибудь миссис Биллингтон, и танцевала, как Хилисберг или Паризо, она еще прекрасно вышивала, знала правописание не хуже самого Словаря, а главное, обладала таким добрым, нежным, кротким и великодушным сердцем, что располагала к себе всех, кто только к ней приближался, начиная с ...	Эмилия <b>бозторғайдай</b> құбылтып миссис Биллингтондай <b>шырқап</b> он салып қана қоймайды, Хилисбергтей немесе Паризодай билейді, оның үстіне кестені де тамаша тігетін, емле ережесіне келгенде Сөздігіңнен кем соқпайды, ең басты қасиеті Елірменің езінен бастап ыдыс-аяқ жуатын бейшараға немесе аптасына екі рет тоқаш пісіріп пансионға әкеліп...

Мәнмәтіннен көрініс табатындай, аудармашы фразеологиялық бірліктерді тіларалық беруде толық балама әдісін пайдаланған. Дегенмен аналогтық аудармамен жұмыс жасау қолайлырақ болар еді, өйткені бұлбұлмен салыстыру орыс тіліне және қазақ тіліне тән. І. Кенесбаев пен В.Н. Кунинің фразеологиялық сөздіктерінде *бұлбұлдай сайрап* және *поет как соловей* деп берілген, бірақ аудармашы оқырманды шатастырмау үшін құстың атауын сол қалпында қалдырды.

## 2. Сипаттама аударма.

Сипаттамалық аударма қосымшалармен арнайы лексикалық алмастыруды білдіреді, яғни фразеологиялық бірліктің мағынасы түсіндірулер, салыстырулар, сипаттамаларды қолдана отырып, еркін сөз тіркестерінің көмегімен беріледі. Олар аударма тілінде түпнұсқаның фразеологизмінің баламасы мен аналогы болмаған кезде сипаттама аударма әдісін қолданылады. Кейде аудармашы басқа мәдениеттің адамдарының аударма мәтінін қабылдауын жеңілдету үшін мәдени және тілдік шындықтардың айырмашылығына байланысты түсіндіруге мәжбүр болады.

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Қазақ тіліндегі аударма
It was the <b>skeleton in his house</b> , and all the family walked by it in terror and silence.	Это была позорная <b>семейная тайна</b> , и все молча и с ужасом обходили её.	Бұл олар үшін атағына кір келтірер масқара <b>құбылыс еді</b> ; сондықтан ешкім де ол жайында <b>жұмған аузын ашпады</b>

Үзіндіде аудармашы сипаттама аударма жасады, сөзбе-сөз аударғанда *в их доме были свои скелеты* деген аударма болады, бірақ аудармада оқырманға түсінікті болу үшін *семейная тайна* деп ұтымды жеткізілген. Қазақ тіліндегі аудармада аудармашы түсіріп тастау әдісін қолданып, *масқара құбылыс* деп қалдырды және осында тағы бір ерекшелік аудармашы *молча* деген сөзін *жұмған аузын ашпады* деп аударды. Осылайша аудармашы сөйлемнің басындағы фразеологизмнің жоқтығын толықтырды, яғни екі жағында да аудармашылар сәтті аударма жасады.

## 3. Лексикалық аударма.

Бұл аударма әдісі *фразеологиялық емес* деп аталады. Ол берілген ұғым бір тілде фразеологизмдер арқылы, ал екінші тілде сөзбен көрсетілген жағдайларда қолданылады.

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Қазақ тіліндегі аударма
It had never occurred to her that Rodger and Tom would <b>take a great fancy to one another</b> ».	Ей и в голову не приходило, что Роджер и Том смогут так сильно <b>привязаться друг к другу</b>	Роджер мен Томның бір-бірімен соншалықты <b>жақсы байланыста болатыны</b> оның ойына да келмеді.

Берілген үзіндіде *take a great fancy to one another* деген фразеологиялық бірлікті аудармашы мағынасымен аударды, яғни **привязаться друг к другу және** бұл жағдайда аудармашы лексикалық эквивалентті қолданды. Фразеологиялық сөздікте полюбить, увлечься, привязаться деген мағынаны білдіреді, екі аудармада фразеологиялық мағына еркін сөз тіркесі арқылы берілген. Аталған тұрақты тіркестің мағынасын қазақ тіліне *бауыр басып қалу* фразеологизмі арқылы беруге болар еді.

## 4. Таңдамалы аударма.

Көбінесе ағылшын фразеологиялық бірлігінің бірнеше баламасы болуы мүмкін және аудармашы берілген контекст үшін ең жақсысын таңдауы керек.

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Қазақ тіліндегі аударма
When Miss Sharp had seen the Dixonary flying over the pavement of the garden fall <b>at length</b> at the feet of astonished Missis Jemima, the young lady's countenance assumed a smile	После того как мисс Шарп удостоверилась, что словарь, перелетев .....через мощеную дорожку садика, упал к ногам изумленной мисс Джемаймы, лицо молодой девушки озарилось улыбкой.	Жоғарыдағы тарауда әңгімелегендей, мисс Шарптың көрсеткен батылдық қылығынан кейін лақтырылған Сөздік төбесінен жай түскендей мелшиіп тұрған мисс Джемайманың аяғының астына түсті.

Кунин сөздігінде “at length “ фразеологиялық бірлігі орыс тіліне “наконец” и “во всю длину” деп берілген, яғни екі ұғым да мағынаға сәйкес келеді. Аудармашы орыс тіліндегі екінші мағынасын қолданды, бірақ ол контексте жасырын тұр, бірақ қазақ тілінде аудармашы түсіріп тастау әдісін қолданды. Екі нұсқада да аудармалар ауқымды өзгерістерге ұшыраған жоқ және өзінің мағынасын жоғалтпады деп айта аламыз.

##### 5. Калька әдісі.

Тұрақты тіркестерді кейде сөзбе-сөз аударуға тура келеді. Бұл әсіресе фразеологиялық бірліктегі бейнелі ұғымды түсінуге бей-жай қарамай, оны басқа жолмен ауыстыру жеткілікті нәтиже бермеген жағдайда өте маңызды.

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Қазақ тіліндегі аударма
As this time, as some old readers may recollect, the genteel world had been thrown into a considerable state of excitement , by two events , which, as the papers say, might give employment to the <b>gentlemen of the long robe.</b>	В описываемое время, как , пожалуй, помнят более пожилые наши читатели, великосветское общество было подвергнуто в немалое волнение двумя происшествиями, которые , как пишется в газетах, могли бы дать занятие <b>джентльменам в мантиях.</b>	Егде тартқан оқырмандарымыздың есінде болар, біз әңгімелеп отырған кезеңде ақсүйектер қауымын екі оқиға қатты абыржытты. Мұны газеттер: <b>"Мантия киген джентльмендерді</b> дуылдататын іс болар еді"* деп жазды

Мысалдағы *the gentleman of the long robe* фразеологиялық бірлігінің заңгер, *com, төреші* тәрізді лексикалық баламалары бар. Аудармаларда айқындылыққа жету үшін аудармашы фразеологиялық бірлікті сөзбе-сөз аударды, яғни автордың түпнұсқаға салған бейнесі мен бағалылығын сақтау үшін аудармашы оны калька әдісі арқылы аударды .

Қорытындылай келе, фразеология- аудармашылардың ерекше назарын қажет ететін күрделі құбылыс, өйткені фразеологиялық бірліктер компоненттердің еркін мағыналары бар қарапайым тіркестер емес және оларды аудару кезінде бірқатар қиындықтарға тап болуыңыз мүмкін. Біз жүргізген талдау әрбір нақты жағдайда аударма стратегиясы түрленіп, аударма шешіміне бірқатар факторлар әсер етуі мүмкін екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді. Оларға фразеологиялық бірлікті белгілі бір контексте қолдану ерекшеліктері, оның құрылымы, семантикасы, эмоционалды-экспрессивті бояуы кіреді. Фразеологиялық бірліктің қолданыс аясына және ерекшеліктеріне байланысты аудармашы *эквивалентті, сипаттамалық, лексикалық, калька, аралас аударма* әдістерін қолдана алады. Аударманы сапалы орындау үшін аудармашы фразеологиялық бірліктерді аударудың жоғарыда аталған әдістерімен жақсы таныс болуы керек.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода. – М.: Р. Валент, 2004. – 240 с.
2. Теккерей У. Ярмарка тщеславия. Перевод Дьяконова. М., Художественная литература, 1975.
3. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение: учебное пособие. / В.Н. Комиссаров-Москва: ЭТС, 2001. - 424с.
4. Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка. М.: Высш. шк., 1986.с. 396.
5. Бондарь А.В. Особенности перевода фразеологических единиц с английского языка на русский.
6. Алексеева И.С. Введение в переводоведение: учеб. пособие для студ. филол. и лингв. фак. высш. учеб. заведений / И.С. Алексеева. — СПб.: Филологический факультет СПбГУ; Москва: Академия, 2004.
7. Теккерей У. Бақталастық Базары. Орыс тілінен аударған: Байұзақ Қожабекұлы Албани, Алматы, 2007.

ӘОЖ 372.881.1

### ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІН АУДАРУДАҒЫ ЛЕКСИКО-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Акимбаева Аяжан

[imadina2710@mail.ru](mailto:imadina2710@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., доцент Қызырова А.М.

Жаһандық мен ғаламдану кезінде халықаралық қатынастардың дамып, халықаралық байланыстардың нығаяюы кең орын алды. Мемлекеттер арасындағы әлемдік қарым-қатынастардың саналы түрдегі ұйымдастырылуына сан алуан факторлар әсер етуде. Оларға жарнамаларды, хаттар мен брошюраларды аудару да жатады. Олар жанрлары, көлемі мен стилі және қолданылатын тілдік құралдары, құрылымы және вербалды, ақпараттың өзара әрекеттесу сипаты бойынша өзіндік лексико-грамматикалық ерекшеліктерін аудару өте күрделі. Осы бағытта, мақаланың мақсаты жарнама мәтіндерін аударудағы лексико-грамматикалық ерекшелігін анықтау.

Бүгінгі жарнама тұтынушыларға, бұрынғы ұсынылған жарнамадан ерекшеленеді. Бұқаралық коммуникация нысаны ретінде осы жарнама тұжырымдамасының күрделілігін ескере отырып зерттеу тиімді деп ойлаймыз. Жалпы, жарнама құбылысы – зерттеудің қызықты нысаны екені сөзсіз. Жарнама мәтіндерін аударудағы лексико-грамматикалық ерекшелігін тағы басқа ерекшеліктері олардың есте сақталып қысқа болуы, ұйқас пен ырғақтың назар аудартарлығы, тауарды сатып алуға деген қызығушылықты арттыруы. Сонымен қатар тілдік таңба ретінде лексикалық бірліктен тұратын мәтін және шағын түрдегі мәтін де пайдаланылады. Атап айтқанда, аудармада жарнама мәтінінің және оның лексико-грамматикалық ерекшеліктерін, жарнама мәтініндегі ұран сөздердің лексикалық және стилистикалық құралдарына талдау жасау керек.

Көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйнетін болсақ тақырып жарнама мәтінінің ең маңызды ауызша компоненттерінің бірі болып табылады. Мәселен Ю.С. Бернадскаяның айтқанын дәлелге алуға болады: «тақырып негізгі жарнамалық үндеуді және жарнамалық дәлелді қамтиды» [1,7].

Жарнама мәтінін талдау кезінде лексико-грамматикалық құрылымының ерекшелігіне аса назар аудару қажет. Оның лексико-грамматикалық құрылымы, шын мәнінде, аудармадағы ерекшеліктерін анықтайды. Ю.С.Бернадская атап өткен, «тиімді жарнама